



Д.Қ. Қайыржанова, Д.Д. Сүлеймен
*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

КОНТИНЕНТАЛДЫ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Қазіргі уақытта қылмыстық теріс қылық ұлттық қылмыстық заңнама институттарының бірі болып табылады. Бұл институт көптеген мемлекеттердің қылмыстық құқығында орын алады, бірақ оны қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мақалада континенталды құқықтық жүйе елдерінің қылмыстық заңнамасындағы құқық бұзушылықтардың аражігін ажырату критерийлері, сондай-ақ қылмыстық әрекеттерді жіктеу мәселелері қаралды, құқық бұзушылықтардың түрлері, оның ішінде қылмыстық теріс қылық ұғымдары анықталды. Бұл құқықтық категориялар континенталды құқықтық жүйе елдеріне қатысты салыстырмалы құқықтану тұрғысынан қарастырылады (Франция, Австрия, Швейцария, Германия және Қырғызстан).

Талдау нәтижелері теріс қылық институты енгізілгенге дейін қазақстандық құқық бұзушылық жүйесі өзінің құқыққа қарсы әрекеттерді әкімшілік құқық бұзушылықтарға, ауыр емес, орташа, ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстарға егжей-тегжейлі бөле отырып, әлемдік стандарттарға сәйкес келетінін көрсетті.

Түйінді сөздер: қылмыс; қылмыстық теріс қылық; бұзушылық; қылмыстардың жіктелуі; қоғамдық қауіптілік; жаза; континенталды құқықтық жүйе; қылмыстық жауапкершілік; онша ауыр емес қылмыстар.

Д.К. Каиржанова, Д.Д. Сулеймен
*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

ПОНЯТИЕ УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ И ПРОБЛЕМЫ КЛАССИФИКАЦИИ В СТРАНАХ КОНТИНЕНТАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ПРАВА

Аннотация. В настоящее время уголовный проступок является одним из институтов национального уголовного законодательства. Данный институт закреплен в уголовном праве многих государств, но его применение имеет свои особенности. В статье рассмотрены критерии разграничения правонарушений в уголовном законодательстве стран континентальной правовой системы, а также вопросы классификации преступных деяний, определены виды правонарушений, в том числе понятия уголовного проступка. Указанные правовые категории рассматриваются с точки зрения сравнительного правоведения в отношении стран континентальной правовой системы (Франция, Австрия, Швейцария, Германия и Кыргызстан).

Результаты анализа показали, что казахстанская система правонарушений до введения института проступка соответствовала мировым стандартам со своим подробным разделением противоправных деяний на административные правонарушения, преступления небольшой, средней, тяжкой и особо тяжкой категории.

Ключевые слова: преступление; уголовный проступок; нарушение; классификация преступлений; общественная опасность; наказание; континентальная система права; уголовная ответственность; преступления небольшой тяжести.

D.K. Kairzhanova, D.D. Suleimen
*Academy of law enforcement agencies under the General Prosecutor's Office of the Republic of
Kazakhstan, Nur-Sultan c., Republic of Kazakhstan*

THE CONCEPT OF CRIMINAL OFFENSE AND CLASSIFICATION PROBLEMS IN THE COUNTRIES OF THE CONTINENTAL SYSTEM OF LAW

Abstract. Currently, criminal misconduct is one of the institutions of national criminal law. this institution takes place in the criminal law of many states, but its application has its own characteristics. The article considers the criteria for delineation of offenses in the criminal legislation of the countries of the continental legal system, as well as the issues of classification of criminal acts, defines the types of

offenses, including the concept of criminal misconduct. These legal categories were considered from the point of view of comparative law in relation to the countries of the continental legal system. In the article from the countries of the continental legal system, the criminal legal features of France, Austria, Switzerland, Germany and Kyrgyzstan are considered.

The results of the analysis showed that the Kazakhstan system of offenses, even before the introduction of the institution of misconduct, met international standards with its detailed division of illegal acts into administrative offenses, crimes of a small, medium, grave and especially grave category.

Keywords: crime; criminal offense; violation; classification of crimes; public danger; punishment; continental legal system; criminal liability; minor offenses.

2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодекстің қабылдануымен Қазақстанда алғаш рет қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа классификациясы енгізілді. Қылмыспен қатар жаңа қылмыстық теріс қылық институты пайда болды.

Содан бері теріс қылық институтын енгізу мәселесі ең даулы мәселелердің бірі болып қала берді.

Ғалымдар мен практиктер атап өткендей, бұл кішігірім қылмыстарды тергеп-тексеруге көп күш пен қаражат бөліп, дәлелдер жинауды қиындатады, жазаның бұлтартпастығы қағидасын бұзады [1, 107-108-б.].

Осыған байланысты құқық қолданушылар кейбір теріс қылықтардың құрамын әкімшілік құқық бұзушылық санатына қайтару мәселелерін көтере бастады.

Алайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске теріс қылықтарды ауыстыру арқылы практикалық мәселелерді шешу әрекеті әкімшілік-деликтік құқықтық реттеудің мәнін бұза отырып, теориялық кемшіліктерді жоққа шығармайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақстандық ғалымдар мен практиктер шетелдік тәжірибеге белсенді түрде жүгініп, озық әлемдік практикаға негізделген құқықтық институттарды талдай және таңдай бастағанын атап өткен жөн.

Қылмыстық құқық ғылымында «құқық бұзушылық», «қылмыс», «қылмыстық теріс қылық» ұғымдары туралы көптеген көзқарастар қалыптасқан.

В.Ф. Фефилова қылмыстық теріс қылықты қарастырып, қоғамдық қауіпті туғызбайтын, бірінші кезекте ұқыпсыздық, ұсақ қылмыс, кейбір әкімшілік теріс қылықтар арқылы қылмыстармен тікелей шектесетін және белгілі бір жағдайларда қылмыс құрамына кіретін, тәртіптік теріс қылықтардың кейбір түрлерін

(материалдық жауапкершілікке байланысты жұмысқа қабылдау, бұрын пайдакүнемдік қылмысы үшін сотталған адамдар және т.б.), сондай-ақ, мүмкін болатын кейбір азғындық актілерін анықтау ұсынады (ата-ана құқығынан айыруға себеп болатын ата-аналық мінез-құлық) [2].

Г.А. Кригердің еңбектерінде «Қылмыстық теріс қылық бұл көлемді зиян келтірмейтін, қоғамдық қатынастарға қол сұғатын әрекет» деп ұсынылған [3].

Көп ғалымдардың негізгі ойларын сараптай келгенде қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың ара-жігін қоғамдық қауіптілікке байланысты ажыратуға болатынын тұжырымдауға болады.

Теріс қылықтар институтын енгізу кезінде құқық бұзушылықтарды жіктеудің герман жүйесі негізге алынды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының «Қылмыстар, қылмыстық құқық бұзушылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды, олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен басқа да белгілері бойынша саралаудың ғылыми-құқықтық тәсілдерін әзірлеу» тақырыбында жүргізген зерттеулерінің жеке бөлімі континенталды құқық жүйесі елдеріндегі құқық бұзушылықтың аражігін ажырату критерийлерін талдауға арналған.

Қылмыстық құқықтың негізі болып табылатын және «қылмыстық жауапкершілік – қылмыс – жаза» жүйесіне кіретін қылмыстық іс-әрекет ұғымын заңнамалық деңгейде бекітілуі барлық елдерде бірдей қолданылмайды. Ол елдерге мысалы, Австрия, Дания, Италия, Нидерланды, Франция, Швейцария жатады. Бұл жеке алынған елдерде тиісті ұғымды әзірлеумен айналысатын құқықтанушы - ғалымдар қылмыстық әрекет деп түсіну және қандай міндетті



белгілермен тиісті анықтама беру туралы ортақ бір пікірді қажет етпеді. Немесе базалық негізгі ұғым доктриналық деңгейдегі тұжырымы заңда бекітілмей арнайы жасаған.

Францияның қолданыстағы Қылмыстық кодексінде қылмыстық іс-әрекеттің нақты ұғымы жоқ. Қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық курстарда қылмыстық іс-әрекет «қылмыстық жазалау қаупімен қоғам тыйым салатын кез-келген әрекет немесе әрекетсіздік» (Дж. Прадел) немесе «топтық негізгі нормаларды бұзу» ретінде анықталады (М. Грапан) [4].

1992 жылғы Францияның қылмыстық кодексінде қылмыстық әрекеттің үш түрі қарастырылған. Қылмыстық әрекеттер ауырлығына байланысты қылмысқа, теріс қылыққа және құқық бұзушылықтарға жіктеледі.

Бұл жіктеудің практикалық маңызы бар.

Ол бойынша жазалаудың келесі жүйесі анықталады:

1) қылмыс жасағаны үшін – 10 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру;

2) түзетуге жататын теріс қылықтарды жасағаны үшін – 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру;

3) «полицейлік» деликт үшін – айыппұл тағайындалады [5].

Францияның құқықтық жүйесі (сондай-ақ, Аустрия, Нидерланды, Испания, Грецияда) әкімшілік және қылмыстық заңнамасының бөлінуімен сипатталады, бұл әкімшілік деликтіге және оларды жасау нәтижесінде туындайтын қатынастарға, қылмыстық заңдардың жалпы ережелеріне жүгінудің мүмкін еместігінде көрінеді.

Алайда, әкімшілік-қылмыстық заңдардың жалпы ережелерін анықтайтын жеке заңдар жоқ. Заңнама жүйеленбеген және көптеген салалық заңнамалық актілерге негізделген.

Алдын ала тергеу мен сот ісін жүргізу тәртібі қылмыстық әрекеттің санатына байланысты болады.

Қылмыстар үшін алдын ала тергеп-тексеру міндетті болып табылады, теріс қылықтар мен бұзушылықтар үшін міндетті емес [6].

Мұндай жіктеу Франциядағы құқық қорғау органдарының барлық жүйесін және

юрисдикциялық органдардың субъектілік құзыретін анықтайды.

Швейцарияның Қылмыстық кодексі қылмыстың нақты және анық анықтамасын бермейді, бірақ 1-баптың мағынасына қарайтын болса «Жаза қатерімен заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адам», яғни Швейцарияда қылмыс бұл заң бойынша тыйым салынған іс-әрекет деп тұжырым жасауға болады.

Швейцарияның қылмыстық заңнамасы барлық қылмыстық әрекеттерді қылмыстар мен теріс қылықтарға бөледі. Айырмашылық формальды негізде – жаза түрі бойынша жасалады.

1) қылмыс деп жазасын түрмеде жазалануға жататын әрекетті таниды.

2) теріс қылық деп – ауырлығы ең жоғары жаза түрмеге қамау болып табылатын қылмыстық әрекет [7].

Бұзушылықтар туралы қылмыстық-құқықтық нормаларын Швейцарияның қылмыстық заңнамасының ерекшеліктеріне жатқызады. Олар формальды белгілермен анықталады.

Құқық бұзушылық дегеніміз – қамауға алу немесе айыппұл түрінде жазаланатын қылмыстық әрекет.

Швейцарияда әкімшілік-деликтілер Германиядағы сияқты қылмыстық заңдардың жалпы ережелеріне бағынатын қылмыстық құқық бұзушылықтың бір түрі болып табылады.

Бұзушылықтар бойынша қылмыстық істер полиция және әкімшілік органдармен тергеледі. Қылмыстармен немесе қылмыстық теріс қылықтармен бірге жасалған бұзушылықтар прокуратура мен сотта бірлесіп тергеледі және қаралады.

Егер айыпталушы алдын-ала іс жүргізу барысында өз кінәсін растайтын жағдайларды мойындаған болса немесе басқа түрде оларға жеткілікті түрде түсіндірілген болса, онда прокуратура Швейцария Қылмыстық кодексінің негізінде жаза тағайындау туралы бұйрық шығарады (айыппұл, қоғамдық қызмет, 6 айға дейін бас бостандығынан айыру). Егер 10 күн ішінде айыпталушыдан, басқа мүдделі тұлғалардан, сондай-ақ жоғары тұрған прокуратура органдарынан қарсылық болмаса, жаза туралы бұйрық үкімге тең болады [8, 384-б.].

Аустрияның Қылмыстық кодексіндегі қылмысқа тек жалпы ұғым беріледі – жазалау қаупі бар қылмыстық заңнамамен тыйым салынған әрекет.

Аустрияның Қылмыстық кодексінде қылмыстық әрекеттің екі санатын қарастырады: қылмыс және теріс қылық [9]. Айырмашылықтың жалғыз критерийі – жазаның мөлшері.

Қылмыстар – бұл өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе 3 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға бағытталған қасақана әрекеттер.

Теріс қылық – бұл 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруға, оның ішінде абайсызда жасалған әрекеттер жатады.

Қылмыстар мен теріс қылықтарды тергеуді прокуратура мен полиция жүргізеді. Тергеу аяқталғаннан кейін іс бойынша қорытынды жасалып, прокурорға жіберіледі.

Прокурор полицияға тергеуді жалғастыру туралы; іс-жүргізуді жабу туралы; айыпталушыны ақы төлеуге, қоғамдық қызмет көрсетуге, сынақ мерзімінен өтуге, айыптаудан бас тартқаны үшін келтірілген залалды өндіріп алуға шақыруға өкім шығарады. Болмаса, прокурор айыптау ісін қозғайды, содан кейін сот басталады.

Айыптауды қозғау шеффендер сотына айыптау қорытындысын жіберді деп есептеледі. Аудандық сотта немесе жер сотында қаралған жағдайларда, айыптаудың орнына прокурор жаза тағайындау туралы өтінішхат беруі мүмкін, бұл жағдайда айыптауды негіздеу қажет емес. Мысалы, егер айыпталушы жасаған әрекеті үшін жазаланған деп саналмаса немесе іс нақты бұл соттың құзыретіне кірмейтін болса айыптауға наразылық енгізілуі мүмкін [10, 224-б].

Дегенмен, кейбір елдер заңмен бекітілген ұғымдық аппаратқа қылмыстық әрекет ұғымын енгізеді және құқықтық белгілерінің жиынтығын осы ұғымда берілгенін көруге болады.

Германия.

Германияның қылмыстық заңнама-сының жүйесін жалпы федералды қылмыстық заң мен федерация субъектілерінің – жерлердің заңдары құрайды.

Германияда заңсыз, кінәлі және қорқыту әрекеті қылмыстық әрекет ретінде танылады. Әрекет адамның қылығы ретінде қарастырылады, оны іс-әрекетпен де, әрекетсіздікпен де көрсетуге болады.

Қылмыс ұғымын анықтауда қылмыстық заңнама қылмыстық заңмен тыйым салынбаған әрекет үшін жазасыздық принципінен шығады. Германияның Қылмыстық кодексінің 1§-да егер оның жазасы бұрын заңды түрде тағайындалған болса ғана, жазалауға болатындығын анықтайды.

Германияның қылмыстық заңнама-сында жазаның ең төменгі мөлшерін ескере отырып, қылмыстық әрекеттің екі түрі ажыратылған: қылмыс пен теріс қылық [11].

1) Қылмыстар дегеніміз – заңсыз әрекеттер, олар үшін кемінде бір жыл немесе одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған.

2) Теріс қылық – бұл ең аз жаза ретінде неғұрлым қысқа мерзімге немесе айыппұл түрінде белгіленетін заңсыз әрекет [12].

Германиядағы әкімшілік құқық кең мағынада қылмыстық заң ретінде қарастырылады. Әкімшілік-деликтілік заңнама – бұл федералды деңгейдегі актілерді, жер туралы заң актілерін және муниципалитеттердің құқықтық актілерін қамтитын нормативтік құқықтық актілердің үш деңгейлі жүйесі [13, 159-б.].

Германиядағы қылмыстық процесс екі сатыда жүзеге асырылады: қылмыстық істің мәні бойынша іс жүргізу және үкімнің орындалуы бойынша іс жүргізу.

Германия Федеративтік Республика-сының Қылмыстық процессуалдық кодексіне сәйкес негізгі ереже – ауызша негізгі сот талқылауына жеткізетін қылмыстық істің мәні бойынша «жалпы» сот ісін өткізу.

Қылмыстық істің мәні бойынша іс жүргізу үш сатыда жүзеге асырылады: алдын ала (сотқа дейінгі) тергеп-тексеру, алдын ала сот ісін жүргізу және негізгі сот ісін жүргізу.

Процестің бірнеше ерекше түрлері бар: жеделдетілген іс жүргізу, қысқаша (жеңілдетілген) іс жүргізу (теріс қылық үшін), жеке айыптау [14].

Германиядағы қылмысты алдын-ала тергеп-тексеру прокуратура мен полицияда



анықтау нысанында жүзеге асырылады. Прокуратура жария айыптауды қозғау туралы мәселені шешу үшін істің мән-жайын зерттейді, тек айыптау үкімі ғана емес, ақтау үкіміне қатысты мән-жайларды анықтайды. Қылмыстық істі қозғау кезеңі жоқ. Алғашқы тергеу әрекеттерін жасау қылмыстық істің басталуын білдіреді.

Қысқартылған іс жүргізу – прокурордың жазбаша өтініші бойынша істерді сотта қарамай жеңілдетілген жолмен шешу (жаза шарасы ретінде айыппұл, ескерту, көлік құралын жүргізуге тыйым салу, мүлкін тәркілеу, заттарды жою, заңды тұлғаға қарсы айыптау және ақшалай жазалар қарастырылады) болып табылады.

Қырғыз Республикасы.

Қырғызстандағы қылмыстық құқықтың негізгі көздеріне 2017 жылы қабылданған Қылмыстық кодекс, Теріс қылық туралы кодекс, Құқық бұзушылық туралы кодексі және Қылмыстық іс жүргізу кодексі жатады.

Қырғызстанның Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыс, қылмыстық заңда көзделген әлеуметтік қауіпті, кінәлі және жазаланатын әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) деп танылады.

Қырғызстан Республикасында барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстар, теріс қылықтар және бұзушылықтар болып бөлінеді.

Теріс қылық туралы кодекс – қауіптілігі қылмыс деңгейінен төмен, бірақ олар қылмыстармен шектесетін әрекеттерді көздейтін құқықтық акт. Негізгі принциптері, атап айтсақ, заңдылық, заң алдындағы теңдік, кінәлілік, әділеттілік және т.б. Сол теріс қылық үшін ешкімді екі рет жауапқа тарта алмайды.

Теріс қылық деп субъектімен жүзеге асырылған зиян келтіретін немесе оның жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қауіп төндіретін кінәлі, заңсыз әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) түсіндіріледі.

Қылмыс пен теріс қылықты бөлудің критерийі келтірілген зиянның мөлшері болып табылады (көлемді, ірі және аса ірі – бұл қылмыстық жазаланатын әрекет, ал қалғанының бәрі теріс қылық).

Қылмыстық кодексте қылмыстың 3 санаты бар: онша ауыр емес, ауыр және аса ауыр.

Бұзушылықтар туралы кодекске сәйкес болмашы шығын келтірген жария басқару

тәртібіне қарсы іс-қимыл жасаған азаматтар мен заңды тұлғалар жауапқа тартылады.

Осылайша, қылмыс, теріс қылық пен бұзушылықтың арасындағы ара жігін ажырату келтірілген залалдың деңгейіне немесе оны жасау қаупіне байланысты болады. Қылмыста келтірілген залал едәуір, ауыр немесе ерекше ауыр, теріс қылықта – көлемі аз, ал бұзушылықта – болмашы ғана болуы керек.

Теріс қылық туралы кодекстің 43-бабына сәйкес теріс қылық жасағаны үшін кінәлі адамдарға келесі жаза түрлері қолданылуы мүмкін: қоғамдық жұмыс; бостандықты шектеу; белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; түзету жұмыстары; айыппұл; әскери қызметшілерді қамауға алу.

Бұзушылықтар үшін ескерту мен айыппұл қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық істер бойынша тергеу бөлімі жүргізеді. Теріс қылық бойынша анықтаушылар (көбінесе учаскелік полиция қызметкерлері) жүргізеді. Қадағалауды прокуратура жүзеге асырады.

Теріс қылық бойынша түпкілікті шешімді сот шығарады, бірақ сотталғандығы түрінде құқықтық негіз болмайды.

Бұзушылықтар туралы істерді уәкілетті органдар (министрліктер, ведомстволар және басқа да мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес) қарайды, шешім хаттама түрінде рәсімделеді. Жеке тұлғаларды бұзушылық үшін айыппұлдың ең жоғары мөлшері 175, заңды тұлғалар үшін 550 есептік көрсеткіш құрайды [15].

Талдау көрсеткендей, құқық бұзушылықтарды қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша бөлу континенталды құқықтық жүйенің көп елдеріне тән институт болып табылады.

Шетелдердің заңдары отандық заңнамада көзделгендей бұзушылықтың бірдей түрлерін қарастырады. Тыйым салу нормалары бар заңнамалық актілер ерекшеленеді.

Мысалы, Францияның Қылмыстық кодексінде құқық бұзушылықтардың барлық түрлері бар, Германияда қылмыстық және әкімшілік-деликтілік туралы әртүрлі заңдар да бар.

Қарастырылған елдерде қылмыс, теріс қылық және құқық бұзушылық ұғымы формалды түрде, яғни жазаның мөлшері мен түрі бойынша анықталған.

Қазақстандық заңнамада Германия, Аустрия, Швейцария және басқалардан айырмашылығы, маңызды материалдық-құқықтық критерийге негізделген. Формалды тәсіл де қолданылады. Мәселен, құқық бұзушылықтың түрін анықтау үшін құқық қолданушылар жазаның түрі мен мөлшеріне назар аударады.

Құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігіне байланысты қылмыстық әрекеттерді тергеп-тексерудің іс жүргізу тәжірибесі ерекшеленеді. Барлық елдер теріс қылықтарды жеңілдетілген түрде тергейді.

Қырғызстанның тәжірибесі қызығушылық тудырады, онда қылмыстар, теріс қылықтар мен бұзушылықтардың жеке кодекстері бар. Аражігін ажырату – жазаның ауырлығы мен түрі арқылы жүзеге

асырылады. Сонымен бірге, бұзушылықтар үшін жазаны сот емес, тек уәкілетті органдар ғана тағайындайды.

Сондай-ақ, континенталды құқық жүйесінің Батыс Еуропа елдерінде заңнамада ауырлық дәрежесіне (кіші және орта ауыр, ауыр және аса ауыр) сәйкес қылмыстардың бөлінуі жоқ екенін атап өткен жөн [16].

Талдау бізге қазақстандық құқық бұзушылықтар жүйесі (әкімшілік құқық бұзушылықтар – ауыр-емес орташа-ауыр аса-ауыр қылмыстар) әлемде өзінің құқықтық егжей-тегжейі бойынша аналогы жоқ және көптеген жылдар бойы тиімді жұмыс істеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бүкіл әлемде әкімшілік деликтер және қылмыстық құқық бұзушылықтар бірдей қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, сондықтан Қылмыстық кодекстен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне ауысу қылмыссыздандыру ретінде емес, қоғамдық қауіпті төмендету ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уголовные проступки в системе правонарушений Республики Казахстан: теоретические, правовые и организационные аспекты. Монография. Под общей редакцией Шушиковой Г.К. Косшы 2020. С.283.
2. Фефилова, В.Ф. Преступление и проступок: автореф. дис. к.ю.н //В.Ф. Фефилова// М., 1977.С. 18-19.
3. Кригер, Г.А. Конституция СССР и совершенствование уголовного законодательства //Г.А.Кригер// Вестник Московского университета. Серия «Право». 1979. № 2. С. 7-8.
4. Крылова, Н.Е., Серебренникова, А.В., Степанов-Егиянц, В.Г. Лекция «Уголовное право зарубежных государств (Общая часть)» //Н.Е.Крылова// 2012г. С.24
5. Мелешко, А. Уголовный процесс Франции: краткий очерк. Часть 1,2. //А.Мелешко// 2017г.
6. [Electronic resource] – Access mode: https://www.legislationline.org/download/id/3316/file/France_Criminal%20Code%20updated%20on%2012-10-2005.pdf (Access data: 17.02.2020)
7. Трефилов, А.А. Уголовный процесс зарубежных стран //А.А. Трефилов// М.: ООО «НИПКЦ Восход-А», 2019г. С.1024.
8. Schweizerisches Strafgesetzbuch vom 21. Dezember 1937. Stand am 16. Juli 2012 [Electronic resource] – Access mode: <http://www.gesetze.ch/inh/inhsub311.0.htm://lagen.nu/1962:700#K17> (Access data: 17.02.2020)
9. §17 StGBEinteilungderstrafbarenHandlungen, Jusline [Electronic resource] – Access mode: <https://www.jusline.at/gesetz/stgb/paragraf/17> (Access data: 17.02.2020).
10. Уголовный процесс европейских государств. Монография. Под общей редакцией Самарина В.И., Луцка В.В. Москва. 2018 г. С.1109.
11. Was ist eine Straftat? Von bussgeldkatalog.org, letzte Aktualisierung am: 4. Dezember 2019 [Electronic resource] – Access mode: <https://www.bussgeldkatalog.org/strafat/> (Access data: 17.02.2020).
12. Strafgesetzbuch § 12 Verbrechen und Vergehen [Electronic resource] – Access mode: https://www.gesetze-im-internet.de/stgb/_12.html (Access data: 17.02.2020).
13. Майле, А.Д., Старостин, С.А. Особенности германского административно-деликтного законодательства //А.Д.Майле// Вестник Университета им. О.Е. Кутафина 2018 г. С.158.
14. Головненков, П., Спица, Н. Уголовно-процессуальный кодекс Федеративной Республики Германия. Научно-практический комментарий и перевод текста закона //П.Головненков// 2012 г.



15. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ru.sputnik.kg/Kyrgyzstan/20170207/1031642163/podrobno-o-kodekse> (дата обращения: 17.02.2020).

16. International classification of crime for statistical purposes (ICCS) [Electronic resource] – Access mode: <https://ec.europa.eu/eurostat/documents/3859598/8305054/KS-GQ-17-010-EN-N.pdf/feefb266-becc-441c-8283-3f9f74b29156> (дата обращения: 17.02.2020).

list of References:

1. Ugolovnye prostupki v sisteme pravonarushenij Respubliki Kazahstan: teoreticheskie, pravoyeorganizacionnyeaspekty. Monografija. Pod obshhej redakciej Shushikovoj G.K. Kosshy 2020.S.283.

2. Fefilova,V.F. Crime and misdemeanor: author's abstract //V.F.Fefilova// Dis. K. yu. n. M., 1977. pp. 18-19.

3. Krieger,G. A. Constitution of the USSR and improvement of criminal legislation //G.A. Krieger// Bulletin of the Moscow University. The «Law» series. 1979. No. 2. pp. 7-8.

4. Krylova,N.E., Serebrennikova,A.V., Stepanov-Egiyants,V.G. Lecture «Criminal law of foreign states (General part)» //N.E. Krylova// 2012 p. 24.

5. Meleshko, A. Criminal process of France: a brief sketch //A.Meleshko// Part 1,2. 2017.

6. [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa: https://www.legislationline.org/download/id/3316/file/France_Criminal%20Code%20updated%20on%2012-10-2005.pdf (data obratsheniya: 17.02.2020).

7. Trefilov,A.A. Ugolovnyj process zarubezhnyhstran //A.A.Trefilov// M.: OOO «NIPKC Voshod-A», 2019g. C.1024.

8. Schweizerisches Strafgesetzbuch vom 21. Dezember 1937. Stand am 16. Juli 2012 [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa: <http://www.gesetze.ch/inh/inhsub311.0.htm>. (дата обращения: 12.06.2012).

9. §17 StGBEinteilung der strafbarenHandlungen, Jusline [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa:<https://www.jusline.at/gesetz/stgb/paragraf/17> (data obrashhenija 17.02.2020).

10. Ugolovnyj process evropejskihgosudarstv. Monografija. Pod obshhej redakciej Samarina V.I., Lucika V.V. Moskva.2018 g. S.1109.

11. Was isteine Straftat? Von bussgeldkatalog.org, letzteAktualisierung am: 4. Dezember 2019, [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa: <https://www.bussgeldkatalog.org/strafat/> (data obrashhenija 17.02.2020).

12. Strafgesetzbuch § 12 VerbrechenundVergehen [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa:https://www.gesetze-im-internet.de/stgb/_12.html (data obrashhenija:17.02.2020).

13. Majle,A.D., Starostin,S.A. Osobennosti germanskogo administrativno-deliktного zakonodatel'stva //A.D. Majle//VestnikUniversitetaim. O.E. Kutafina 2018 g. S.158.

14. Golovnenkov,P., Spica,N. Ugolovno-processual'nyj kodeks Federativnoj Respubliki Germanija. Nauchno-prakticheskij kommentarij i perevod teksta zakona 2012 g.

15. [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa:<https://ru.sputnik.kg/Kyrgyzstan/20170207/1031642163/podrobno-o-kodekse> (data obrashhenija:17.02.2020).

16. International classification of crime for statistical purposes (ICCS) [Elektronnyi resurs] – Rejim dostupa: <https://ec.europa.eu/eurostat/documents/3859598/8305054/KS-GQ-17-010-EN-N.pdf/feefb266-becc-441c-8283-3f9f74b29156> (data obrashhenija: 17.02.2020).